



БҰЙРЫҚ

Красная-Поляна ауылы

ПРИКАЗ

село Красная-Поляна

15.10.24 № 82

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қою туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңынан 12 бабы 1-тармағының, 4) тармақшасына сәйкес, Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында ақша қаражатын заңсыз жинауға, сыйлықтарды, қызметтерді және басқа да материалдық сыйлықтарды қабылдауға жол бермеу мақсатында және Қарағанды облысы білім басқармасының 2024 жылғы 11 қазандағы №190 бұйрығы негізінде және Шет ауданының білім бөлімінің 14.10.2024 жылғы №214нқ бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді кесілді тыйым салынсын.
2. Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында оқушылары мен тәрбиеленушілерінің ақылы мәдени-көпшілік шараларға қатысуы тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуынсыз жүргізілсін.
3. Оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдер, тәрбиешілерге тиісті шаралар қабылдансын.
5. Бұйрықтың орындалысы директордың м.а оқу ісі жөніндегі орынбасары А.К.Касимоваға, директордың м.а тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.И.Имантайға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

Мектеп директоры м.а:

А.М. Секербекова

Таныстым: А.К.Касимова
Д.И.Имантай

Орынд. А.Е.Шидербекова

